

2. Коржова Г.М., Байтурсынова А.Л. История специального образования в Республике Казахстан: учебное пособие. - Алматы, 2003.
3. Специальная педагогика: Учеб.пособие для студ. Высш.пед.учеб.завед. / Л.И.Аксёнова, Б.А.Архипов, Л.И.Белякова и др.; Под ред. Н.М.Назаровой. - М.: Изд. Центр «Академия», 2004

МҰҒАЛІМНІҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘРТЕБЕСІ МЕН БЕДЕЛІ

*Медетова Н.Қ 2 курс
Қазақ тілі мен әдебиеті
Қазақ және орыс
филологиясы факультеті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы
Сейсембай Г.А.*

Дамыған елу елдің қатарында болу – еліміздің даму стратегиясының басты саясаты. Елдің дамығандығының белгілері ғылым мен техниканың, экономиканың жетістіктері болса, мұның барып тірелер жері – білім, ал білім беру тетігі – мұғалім. Қазақта бұрындары балаларға берілер батаның үлкені «айналайын, мұғалім бол!» болатын. Себебі, ауылда болсын, қалада болсын, мұғалім зиялы адам есептелетін. Мұғалімді ұстаз санап, әркім сыйлайтын, құрмет тұтатын. Қазіргі тұлғалардың қайсысын алсаңыз да білім берген мұғаліміне еліктеді, үлгі алды. Тіпті мұғалім болуды армандады. Қазір мұғалім сол мәртебесінен, атақ-абыройынан айырылып қалған. Оның сүреңсіз дәлелдері көп-ақ, Мұғалімнің айтқанын жүре тыңдап, ескерткен әр пікірін талқыға салып, тіпті беттен алып айтысып, одан қалды сотқа беріп жатқан жайттар аз емес.

Соңғы уақытта мұғалімдердің әкімшіліктің тегін жұмыс қолы саналатындықтан, науқандық жұмыстардың бәрі мұғалімдердің белсенділігімен атқарылады. Мысалы, алаңдардағы митингілер мен үлкен залдардағы жиналыстардың еріксіз тыңдарманы мен көрерменіне айналуы, сайлау немесе тағы да сондай саяси науқандардың насихаттаушысы сияқты қоғамдық жұмыстардың қандайы болсын мұғалімді іздеп табады. Мектеп ішіндегі қағаздарының өзіне кейде үлгеріп, кейде үлгермей жүретін педагогтардың негізгі сабақ өткізу, тәрбие жұмыстарын жүргізу сияқты қызметін талапқа сай өткізетіндігіне күші жете бере ме деген сұрақ туындайды.

Мұғалімнің сынаушылары өте көп. Білім басқармасы мен аудандық білім бөлімдерін, мектептің өз басшыларын айтпағанның өзінде ата-аналар мен оқушылардың өзі білімі мен тәрбиесіндегі кемшілікті мұғалімнен іздегісі келетіні жасырын емес.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының бұрынғы нұсқаларында да педагог мәртебесі туралы қарастырылған болатын. Алайда, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагог мамандығының беделін көтеру мақсатында «Педагог мәртебесі» туралы арнайы қарастырған. Оның негізгі міндеттері: білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету және педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту.

Бағдарламада проблемалар айтарлықтай көрсетілген:

Бүгінгі таңда педагог еңбегін материалдық және моральдық жағынан ынталандыратын және оның әлеуметтік мәртебесін көтеретін барабар заңнамалық база мен жүйе құрылмаған.

Жұмыс істейтін әрбір бесінші мұғалімнің жасы 50-де және одан да үлкен.

Педагогтердің жалпы санынан 3 жылға дейінгі өтілі барлар – 13 %. Жыл сайынғы жас кадрлар есебінен толығы тек 2,6 %-ды құрап отыр.

Гендерлік сәйкессіздік, кәсіп феминизациясы (81,3 % әйел мұғалімдер) байқалып отыр. Төмен жалақы (еліміздегі орташа жалақының 60 %-ға жуығы), педагог кәсібінің

беделінің болмауы жоғары білікті кадрлардың бұл саладан кетуіне ықпал етеді. 2000 жылдан бастап қызметкерлер жалақысының 400 %-ға өскеніне қарамастан, оның деңгейі еліміздегі төмен деңгейлердің бірі болып қалып отыр.

Демек, педагогтің мәртебесін жоғарылату – Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарының бірі.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз мұғалімнің мәртебесі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз», – деген сөзін әр педагог үміт сәулесіндей көкірегінде сақтап жүр. Шындығында, бұл сөз іске айналып келе жатыр деп сенгіміз келеді. Көзі қарақты қауым «Білім туралы» заңға педагог мәртебесі туралы жеке тарау енгізілгенін біледі және осы тарауда «мемлекет қоғамдағы педагог қызметкерлердің ерекше мәртебесін таниды және кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды» деп анық жазылған. Тек осы мұғалім мәртебесін көтеру жолында қателеспесек болғаны.

Шын, мәнінде мұғалімнің мәртебесі тек қана оның жалақысын көтеру емес, ең бірінші ұстаз мәртебесі оның интеллектуалды, білімдік, жеке-дара ерекшеліктерінің бағалануымен көтеріледі. Ұстаздың абырой-беделі соған байланысты ақталмақ.

Бүгінгі өмір талабы сапалы, әрі терең білім беру жолдарын әлемдік дәрежеде ұйымдастыруды қажет ететіні баршаға белгілі. Осы жауапты жұмысты іске асыруда басты жауапкершілік педагогтар қауымына жүктеледі. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы еліміздің білім жүйесі алдында, оның ішінде біліктілікті арттыру жүйесі алдындағы маңызды бағыттарының бірі – педагогтар кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің сапасын жетілдіріу, педагог құрамының сапасын арттыру, педагог қызметкерлердің мәртебесі мен білім берудегі менеджментті енгізу арқылы - сапалы білім беруде әлемдік стандарттар деңгейіне қол жеткізу керектігі атап көрсетілді. Мемлекетіміздің мұндай білім саласына деген шексіз қамқорлығы мен ұстаздар мәртебесін көтеруге бағытталған іс -шаралар, педагог қауымының алдағы дамуына айқын көрсеткіш бола алады. Мұндағы басты көрсеткіш индикаторы, мұғалімнің кәсіби - тұлғалық деңгейі сапасының жоғары болуы на ерекше назар аударады. Ең алдымен, білім беру жүйесіне келген жаңа сұраныс ол, жаңа формациядағы мұғалім кім? Осыған тоқталсақ, ғалымдардың берген анықтамасына сүйенсек, «Жаңа формациядағы – педагог–ізденімпаз өзіне өзі талап қоя білетін, кәсіби–құзырлылық және шеберлік деңгейі жоғары, рухы биік, даралық сапалары жетілген, шығар тауы биік маман». Бұл, мұғалімдердің жоғары кәсібилігі, шығармашылық шеберлігі мен адамдық ресурстарды тиімді пайдалану нәтижесіндегі сапасы болмақ.. Осы бастамашылықты басшылыққа алған біліктілікті арттыру жүйесі «Біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» акционерлік қоғамы болып өзгеріп жаңа форматтық жүйеге көшті.

Жаңа жүйенің басты ерекшелігі әлемнің ең үздік тәжірибелерін біліктілік арттыру жүйесіне бірінғай тұжырымдамалық әдіс арқылы енгізудегі басты бағыттары:

Біріншіден, біліктілікті арттыруда мұғалімдердің кәсіби деңгейінің сапасы қоғам сұранысына сай болуы;

Екіншіден, біліктілікті арттырудың сапасын қамтамасыз етуде әлемнің озық тәжірибелерін пайдалану;

Үшіншіден, мұғалім мәртебесін көтеруде, білім беруді дамытудағы оның интеллектуальдық, кәсіби-тұлғалық сапалық деңгейлерінің үлесінің өсуі. Олай болса, қазіргі біліктілікті арттыру жүйесі, бұрынғыдай қайталап оқыту немесе бұрынғы біліміне қосымша қажетті біліммен қамтамасыз ету емес, жаңа білімдер мен әлемде дамыған жаңашыл инновациялық әдістер мен технологияларды толық игерту болып табылады. Осы үрдістің сапасын бақылау мен басқару жүйесінің алатын орны зор.

«Ұстазы жақсының –ұстамы жақсы», – дейді халық даналығы. Ұстаз біздің өмірге деген көзқарасымызды қалыптастырды, білімге деген құштарлығымызды арттырды. Бізде кейінгі жылдары педагогтың абырой-беделі мен мәртебесі жайында көп айтылып жүр. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы дәстүрлі

Жолдауында да ұдайы айтылуда. Өйткені, бүгінгі білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді талап етіп отырғаны анық. Осы ретте қазақтың озық ойлы зиялылары көшбасшыларының бірі –Жүсіпбек Аймауытовтың: «Ел ісін түзеуді білім беру ісін түзеуден бастау керек» деген сөзі еріксіз еске түседі. Мұның астарында терең мағына жатыр. Кейінгі жылдары өріс алып отырған жаһандық экономикалық дағдарыс жоғарыдағы дәйек сөздің әлі де маңыздылығын нақтылай түскендей. Себебі, жаһандық дағдарыс әлемнің көптеген елдерін экономикалық тығырықтан алып шығудың жаңа әдіс-тәсілдерін, тың сұрлеулерін іздестіруге мәжбүр етіп отырғаны белгілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп білім мен ғылым саласының алдына нақтылы міндеттер қойды[1]. Шындығында да, біз сауатты елге айналуымыз үшін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуді дұрыс жолға қоюымыз керек. Ұлы Абайдың «Он сегізінші қара сөзіндегі»: «...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген ұлағатты ойын мемлекетке байланысты, жас жеткіншектерді оқытып-тәрбиелеуге де байланысты қолдануға болады[2]. Міне, сол үшін мұғалімдерге жағдай жасап, олардың біліктілігі мен білімділігін арттыруға, ұстаздың қоғамдағы беделін көтеруге баса көңіл бөлінгені абзал. Өйткені, ХХІ ғасырда кез келген мемлекеттің дамуында ғылым мен білімнің алатын орны ерекше болмақ. Егемен елімізді өркениетке жетелейтін білімнің бастауында мектеп, ал, сол мектепте жас ұрпақ бойына білім нәрін беретін ұстаз тұрады. Мұның өзі бүгінгі таңда мұғалім беделін арттыру, оның мәртебесін көтеру өзекті мәселе екендігі дау туғызбаса керек.

Бүгінде қазақ елі бүкіл әлемдік қоғамдастыққа өзінің әлеуметтік-экономикалық табыстарымен танымал болып отырған, белсенді сыртқы саясатымен жоғары халықаралық беделге ие болған мемлекет. Алдыңғы қатарлы технологияларға иелік етіп отырған мемлекеттердің әлемдік деңгейде саяси-экономикалық салмағы басым болуының басты себебі, бұл елдер ғылыми-технологиялық дамуда үлкен көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Қазіргі таңда кез келген елдің экономикалық дамуы, халықтың рухани және материалдық игілігінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, мәдениетінің тұрақты дамуына байланысты жүзеге асырылып отырғаны шындық. Айталық, бүкіл әлемдегі ішкі жалпы өнімнің 50 пайыздан астамы ғылыми-техникалық өркендеу есебінен іске асырылып отырғаны осыны аңғартады. Бүгінгі бәсеке заманында білім, ғылым мен техниканы жетілдірмей дамыған елдер қатарына қосылу, шын мәнінде тәуелсіз ел болу мүмкін емес. Елдің саяси-әлеуметтік өсуін, мәдениетін, қорғаныс қабілетін жан-жақты дамыған ғылым ғана қамтамасыз ете алады.

Қазіргі кезде ел экономикасын көтеру, ондағы тұрақтылықты нығайту, халықтың әлауқатын жақсарту аса маңызды мәселе. Себебі, қоғамның қарқынды дамуы әлеуметтік, экономикалық құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адами мәдениеттің деңгейін түбегейлі жетілдіруді қажет етеді. Әсіресе, әлемдік деңгейде қарым-қатынас мәселелерінің бүгінгідей шиеленісіп отырған шағында өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтап қалу, рухани-мәдени ахуалымызды әлемдік өркениет биігіне көтеру мәселелері, соған орай тұлғааралық қарым-қатынасты ізгілендіру, оны ең жоғары мәдениеттіліктің деңгейіне көтеру арқылы тұтастай интеллектуалды ұлт қалыптастыру талабы айқындала түсуде. Ол үшін, әрине, отандық білім беру саласындағы тәлім мен тәрбие үдерісін әлемдік тәжірибелерге сүйеніп, өзіміздің ұлттық-дүниетанымдық ерекшеліктерімізді ескере отырып, оны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жаңа инновациялармен толықтыруымыз керек. Бұл бүгінгі таңдағы еліміздің қабылдаған «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасын жүзеге асырудағы маңыздыталаптардан саналады.

Ел дамуының басты белгілері ғылым мен техниканың, экономиканың жетістіктері болса, оның бастауы –білімде, ал, білім беру негізі –мұғалімнің біліктілігі мен біліміне, тәжірибесіне келіп тіреледі. Біздегі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты –бәсекеге барынша

кабілетті маман дайындау. Ол үшін мұғалімнің білімі мен біліктілігі оның педагогикалық шеберлігіне ұштасуы керек. Педагогикалық шеберлік дегеніміз –үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнерінің негізі. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әрбір ізденімпаз педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылымның тиісті салаларынан хабардар, әсіресе, балалар психологиясының, жас ерекшеліктерінің мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік меңгерген адам болуы тиіс. Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат тандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ. Сондықтан, ұстаздың сапасын ең жоғары деңгейге көтеру –уақыт талабы дейміз. Өйткені, келешек ұрпақтың барлығы ұстаз қолынан өтіп, тәлім-тәрбие алады. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылық ерекшелігі –оның сабақты түрлендіріп, қосымша материалдармен байытып, тұлғаның жүрегіне жол таба білуінде. Ұстаз атана білу, оны қадір тұтып, қастерлеу, арын таза ұстау –әр мұғалімнің борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // «Ақиқат», №1, 2013 ж.
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Т.2. – Алматы: «Жазушы», 2002ж.
3. Мұғалім беделі – ел абыройы // «Егемен Қазақстан», 14 тамыз 2010 ж.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан білім қоғамы жолында // «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2012ж.
5. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: «Ғылым», 1988 ж.
6. Басты мақсат – білім сапасы // «Мәдени мұра», 2012 ж.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992 ж.
8. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //Қазақстан халқына
9. Жолдауы//, 28.02.2007.

БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ЕРІК-ЖІГЕР ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

*Мұқышев Ғ.,
Ы.Алтынсарин ат. Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институтының студенті .
Ғылыми жетекші: Төлегенов Т.,
дене мәдениеті және спорт
кафедрасының оқытушысы*

Қазіргі баскетбол жылдамдықпен ептілікті көп қажет ететін ойын. Оған дәлел баскетболдағы күтпеген жағдайдағы ұмтылыс, күшті жылдамдықпен жүгіріп келе жатып кілт тоқтау және ойын кезінде жақын қашықтыққа өте жылдам жүгіру, жалт бұрылу. Баскетболшы ойынның 40 минут уақытында көп мөлшердегі секірулер мен түрлі лақтыру қимылдарын жасайды. Жүгіру мен секірулердің ерекшеліктері лақтырулар алаңының көлеміне қатысты емес.

Баскетбол ойыны кезінде ойыншылар қысқа мерзімде түрлі қимылдар жасайды және қажет болған жағдайда бір қалыптан екінші қалыпқа тез өзгереді, бұлардың барлығы қарсы ойыншылардың қимылдарына байланысты болып келеді. Түрлі қимыл-қозғалыс әсерінен денеге түсетін күшке байланысты баскетболмен айналысу ішкі ағзалардың жетілуіне әсер етеді (дем алу, қан айналымы, т.б.). Қозғалыстар бірте-бірте дәл және нақты болады. Бұлшық ет күштері өседі, дененің дұрыс қалыпта өсуіне жағдай жасалады. Ойын барысында түрлі қимылдар тек қана спортшы өз еркімен шешім қабылдап, ойын ыңғайына байланысты жедел